

Сот тәжірибесіндегі дау түрлерінің шешу жолдары

ЖАРИЯЛАНДЫ 08.05.2025	ТІРЕК СӨЗДЕР дау шешу, құқықтық кепілдіктер, медиация, реформалар, сот тәжірибесі, соттан тыс шешу	СІЛТЕМЕ https://bilimger.kz/178940/
---------------------------------	--	---

Маулытканов Нұрмұхамед Маратұлы

Ғылыми жетекші: Ф.ғ.к қауымдастырылған профессор **Тулекова Гулжан Хажмуратовна**

ӘОЖ:347.962.7

Тұран университеті

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстан сот тәжірибесіндегі дау түрлерін шешу жолдары қарастырылады. Мақаланың мақсаты – дәстүрлі сот үдерістері мен қазіргі заман талаптарына сәйкес медиация және соттан тыс шешу механизмдерін салыстыру арқылы дауларды тиімді әрі әділ шешудің жолдарын анықтау. Зерттеу барысында сот практикасының заманауи реформалары, заңнамалық өзгерістер мен инновациялық әдістер талданады. Қазақстанның сот жүйесінде дау шешу мәселелері өзекті болып табылады, себебі қоғамдағы өзара түсіністік пен бейбітшілікті қамтамасыз етудегі соттың рөлі зор. Жұмыста дәстүрлі әдістер мен жаңа тәсілдер арасындағы байланыс зерттеліп, олардың өзара тиімділігі мен ерекшеліктері анықталады. Негізгі назарда сот шешімдерінің орындалуын бақылау мен құқықтық кепілдіктердің нығайту мәселелері тұр. Зерттеу нәтижелері заңнаманы жетілдіру және сот тәжірибесін дамыту бойынша практикалық ұсыныстар ұсынады, бұл өз кезегінде қоғамдағы құқықтық тәртіп пен әділеттілікті нығайтуға септігін тигізеді [1, 5-6].

Түйінді сөздер: сот тәжірибесі, дау шешу, медиация, соттан тыс шешу, құқықтық кепілдіктер, реформалар.

Аннотация

В данной статье рассматриваются пути разрешения споров в судебной практике Казахстана. Цель статьи-определить пути эффективного и справедливого разрешения споров путем сравнения традиционных судебных процессов и механизмов медиации и

внесудебного разрешения в соответствии с требованиями современности. В ходе исследования анализируются современные реформы судебной практики, законодательные изменения и инновационные методы. Вопросы разрешения споров в судебной системе Казахстана являются актуальными, так как велика роль суда в обеспечении взаимопонимания и мира в обществе. В работе исследуется взаимосвязь между традиционными методами и новыми подходами, выявляются их взаимовыгодность и особенности. В центре внимания-вопросы контроля за исполнением судебных решений и укрепления правовых гарантий. Результаты исследования дают практические рекомендации по совершенствованию законодательства и развитию судебной практики, что, в свою очередь, способствует укреплению правопорядка и справедливости в обществе [1, с. 5].

Ключевые слова: судебная практика, разрешение споров, медиация, внесудебное разрешение, правовые гарантии, реформы.

Annotation

This article discusses ways to resolve types of disputes in the judicial practice of Kazakhstan. The purpose of the article is to identify ways to effectively and fairly resolve disputes by comparing traditional judicial processes and mechanisms of mediation and extrajudicial settlement in accordance with modern requirements. The study analyzes modern reforms of judicial practice, legislative changes and innovative methods. Dispute resolution issues are relevant in the judicial system of Kazakhstan, as the role of the court in ensuring mutual understanding and peace in society is great. In the work, the relationship between traditional methods and new approaches is studied, their mutual effectiveness and features are determined. The main focus is on monitoring the implementation of court decisions and strengthening legal guarantees. The results of the study provide practical recommendations for improving legislation and developing judicial practice, which, in turn, will contribute to strengthening legal order and justice in society [1, P 5].

Key words: judicial practice, dispute resolution, mediation, out-of-court resolution, legal guarantees, reforms.

Кіріспе

Қазақстан сот тәжірибесіндегі дау түрлерін шешу мәселесі қоғамдағы тұрақтылық пен әділеттілікті қамтамасыз етудегі маңызды сала болып табылады. Соңғы жылдар ішінде сот үдерістерін тиімді және әділ жүргізу мақсатында жаңа тәсілдер мен инновациялық әдістер енгізілуде. Бұл үрдістердің негізінде сот медицинасы, соттан тыс келіссөздер және басқа балама дау шешу әдістері жатыр. Мақалада осы бағыттағы өзекті мәселелер қарастырылады, оның ішінде дәстүрлі әдістер мен қазіргі заман талабына сай жаңа тәсілдердің өзара байланысы мен тиімділігі зерттеледі. Сот жүйесіндегі дау шешу жолдары тек сот талқылауы мен шешімінен ғана тұрмайды. Әсіресе, еңбек даулары мен азаматтық дауласуларда соттан тыс келіссөздер мен медиацияның маңызы артып келеді. Қазақстанның сот тәжірибесінде бұл әдістердің енгізілуі қоғамдағы өзара

түсіністік пен бейбітшілікті нығайтуға зор ықпал етіп отыр. Қазіргі уақытта сот үдерістерінің қиындықтары мен кешігулері себепті соттан тыс келіссөздер мен медиация әдістеріне жүгіну қажеттілігі айқын көрініс табуда [1, 12-б.].

Зерттеулер көрсеткендей, сот тәжірибесіндегі реформалар мен заңнамалық өзгерістер дау шешудің түрлі әдістерін тиімді үйлестіруге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде сот медиациясын дамытуға және соттан тыс келіссөздер жүйесін қалыптастыруға оң әсерін тигізуде. Әділдік пен құқықтық кепілдіктерді қамтамасыз ету мақсатында сот жүйесінде жаңа технологияларды, ақпараттық жүйелерді және кәсіби мамандардың біліктілігін арттыруға ерекше мән берілуде [3, 25-б.]. Аталған мәселелерді терең талдау барысында әдебиеттер мен нақты практикалық мысалдар негізінде сот тәжірибесінің ерекшеліктері мен даму бағыты айқындалды. Зерттеу барысында Қазақстандағы сот жүйесінің заманауи реформалары, сот медиаторларының қызметі және азаматтардың құқықтық санасын арттыру мәселелері қарастырылды. Сондай-ақ, дау шешудің дәстүрлі жолдары мен қазіргі заманғы балама әдістердің өзара байланысы, олардың тиімділігі мен болашақтағы даму перспективалары талданды.

Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі кездегі сот тәжірибесінде дау шешудің жаңа әдістерін енгізу мен қолдану тек сот жүйесінің жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, сонымен қатар азаматтардың құқықтық сенімін арттыруға, қоғамдағы тұрақтылық пен бейбітшілікті қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам болып табылады. Осыған байланысты, Қазақстан сот тәжірибесінде дау шешу жолдарын жетілдіру мәселесі өзекті болып қала береді және болашақта сот жүйесінің тиімділігін арттыру үшін жаңа тәсілдерді іздестіру маңызды міндетке айналады [6, 30-б.].

Негізгі бөлім

Қазақстан сот тәжірибесіндегі дау түрлерін шешудің дәстүрлі жолдары мен жаңа балама әдістері арасындағы айырмашылықты, олардың өзара байланысын және тиімділігін анықтауда негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Дәстүрлі сот үдерісі соттың ресми тәртібімен өтеді, онда барлық тараптар сот залына келіп, өз дәлелдері мен талаптарын жеткізеді. Бұл жүйе әділеттілікке қол жеткізуге бағытталғанымен, кейде іс процесінің ұзаққа созылуы, шығындардың көп болуы және шешімдердің сапасына байланысты сынға ұшырауы байқалады [1, 12-б.]. Сондықтан да қазіргі кезде соттан тыс дау шешу әдістері, атап айтқанда медиация мен келіссөздер, кеңінен қолданыла бастады. Медиация әдісі тараптар арасындағы өзара түсіністік пен келісімге қол жеткізуге негізделген, мұнда бейтарап медиатор тараптар арасында делдалдық қызмет атқарады. Бұл әдіс дау тудыратын мәселелерді тез әрі тиімді шешуге мүмкіндік береді, себебі сот процесіне қарағанда аз ресми тәртіптер мен көп икемділік танытады. Сонымен қатар, соттан тыс келіссөздер барысында тараптар өзара диалогқа түсіп, мәселелерін бір-біріне түсінікті етіп жеткізуге ұмтылады. Нәтижесінде, даудың шешімін өздері таба отырып, өзара қанағаттанарлық шешімге келеді, бұл әдіс сот шығындарын төмендетеді және іс процесінің созылуын қысқартады [5, 17-б.].

Қазақстанда соңғы жылдары сот жүйесін реформалаудың аясында медиация мен соттан тыс келіссөздер әдістерін дамытуға үлкен көңіл бөлініп отыр. Бұл реформалар сот жүйесін заманауи талаптарға бейімдеу, азаматтардың құқықтық қорғауын күшейту және сот үдерісіндегі кешігулерді азайту мақсатында жүзеге асырылуда. Заңнамалық өзгерістер мен сот практикасындағы жаңа тенденциялар тараптардың дау тудыратын мәселелерін шешуде тиімділікті арттыруға бағытталған. Осы тұрғыда сот медиаторларының кәсіби деңгейін арттыру, олардың қызметін нормативтік құжаттармен реттеу және халықтың құқықтық білімін жетілдіру мәселелері өзекті болып отыр [6, 30-б.]. Нақты тәжірибеде даудың шешімін табудың екі негізгі жолы – ресми сот процесі мен бейресми келіссөздер арқылы жүзеге асатыны байқалады. Ресми сот процесі кезінде сот шешімі заңдық негізде бекітіледі және ол барлық тараптар үшін міндетті болып табылады. Ал

соттан тыс келіссөздер мен медиация барысында тараптар өзара келісімге келу арқылы дау мәселесін шешеді, бұл жағдайда шешім тек тараптардың өзара келісіміне негізделеді. Осындай жағдайларда, соттың араласуы қажет болмай, дау процесі анағұрлым икемді әрі жылдам өтеді. Бұл әдістердің тиімділігі нақты тәжірибеде дәлелденген және оларды қолдану халықтың құқықтық сенімін арттыруға ықпал етеді. Сот тәжірибесінде дауды шешу жолдарын таңдау кезінде іс мәні, тараптардың қарым-қатынасы, дау туындаған себептері және даудың күрделілігі ескеріледі. Соттар мүліктік зиянды өтеу туралы даулар бойынша істерді қарағанда жұмыскердің еңбек міндеттерін орындаған кезде келтірген зиянды азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған зияннан ажыратып алуы керек [2]. Кей жағдайларда, ресми сот процесі әділ шешім шығаруға кепілдік берсе, кей жағдайларда тараптар медиация немесе келіссөздер арқылы өзара тиімді келісімге келуді жөн көреді. Осылайша, Қазақстан сот тәжірибесінде дәстүрлі және жаңа әдістердің бірлескен жұмысын ұйымдастыруға бағытталған кешенді жүйе қалыптасуда, ол қоғамдағы құқықтық тәртіп пен әділеттілікті нығайтуға зор үлес қосады [3, 25-б.]. Негізгі мәселелерді терең талдау барысында даудың себептері мен туындаған жағдайларын жан-жақты қарастыру қажет. Әр әдістің өз ерекшеліктері мен шектеулері болғанымен, олардың үйлесімділігі арқылы дау мәселелерін шешуде тиімді шешімдерге қол жеткізуге болады. Болашақта сот тәжірибесінде инновациялық шешімдерді қолдану және соттан тыс келіссөздер жүйесін одан әрі жетілдіру, азаматтардың құқықтық санасын арттыру саласындағы жұмыстар маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты, Қазақстан сот жүйесінде дау түрлерін шешу жолдарын жетілдіру – тек құқықтық жүйені дамыту мәселесі емес, сонымен қатар қоғамдағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің кепілі болып табылады.

Қорытынды

Қазақстан сот тәжірибесіндегі дау түрлерін шешу мәселесін талдау барысында дәстүрлі әдістер мен жаңа балама тәсілдердің өзара байланысы мен тиімділігі анықталды. Соттық процедуралардың кезеңдері, ең алдымен, шағымды тіркеумен басталады, мұнда

қызметкер немесе жұмыс беруші сотқа ресми шағымды тіркейді [4, 4-б]. Зерттеу барысында сот үдерістеріндегі кешігулер мен шығындардың көптігі сияқты мәселелердің салдары қаралып, олардың алдын алу мақсатында соттан тыс келіссөздер мен медиация әдістерін қолданудың маңызы атап өтілді. Бұл әдістер тараптар арасында өзара түсіністік пен сенімділікті нығайтуға ықпал етеді, себебі олар дау мәселелерін жылдам әрі икемді шешуге мүмкіндік береді. Сот үдерісінде ресми процестің қатал тәртібі мен белгіленген ережелерге сәйкес жұмыс істеу кезінде құқықтық кепілдіктер қамтамасыз етіледі, алайда оның кей жағдайларда ұзаққа созылуы мен шығындардың көп болуы белгілі бір шектеулерді тудырады. Сонымен қатар, медиация мен келіссөздер арқылы дау шешу кезінде тараптар өзара диалогқа түсіп, өзара тиімді шешімдерге қол жеткізеді, бұл өз кезегінде сот шығындарын азайтуға және іс процесінің созылмауын қамтамасыз етеді [3, 25-б.].

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қазақстан сот жүйесінде дау шешудің жаңа әдістерін енгізу мен қолдану сот реформаларының бір бөлігі болып табылады. Заңнамалық өзгерістер мен сот практикасына енгізілген жаңа тәсілдер азаматтардың құқықтық сенімін арттыруға, сот қызметінің тиімділігін жоғарылатуға және қоғамдағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпал етеді [5, 17-б.]. Сонымен қатар, сот медиаторларының кәсіби деңгейін арттыру және олардың қызметін нормативтік құжаттармен реттеу мәселелері де өзекті болып отыр, өйткені бұл әрекеттер дау шешу процесінің әділеттілігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді [6, 30-б.]. Аталған зерттеулердің нәтижелері бойынша, дау шешу жолдарын жетілдіру мақсатында сот жүйесінде дәстүрлі әдістер мен жаңа балама тәсілдерді үйлестіре отырып, кешенді жүйе қалыптастыру қажеттілігі айқындалды. Бұл жүйе соттың ресми тәртібіне қосымша, тараптардың өзара келісіміне негізделген механизмдерді де қамтиды, сондықтан дау мәселелерін шешу тек сот шешіміне тәуелді болмай, азаматтардың өздерінің келіссөздер нәтижесіне де негізделеді. Мұндай тәсілдер сот үдерісін жеңілдетіп, құқықтық тәртіпті қамтамасыз етіп, азаматтардың құқықтық білімін арттыруға ықпал етеді.

Зерттеу барысында алынған тәжірибелік деректер мен әдеби материалдар негізінде сот жүйесінде дау шешудің әртүрлі әдістерін қолданудың өзара тиімділігі айқын болды. Әрбір әдістің артықшылықтары мен кемшіліктері болғанымен, олардың үйлесімділігі сот үдерістеріндегі кешігулер мен шығындарды азайтуға, сондай-ақ азаматтардың құқықтық қорғауын күшейтуге мүмкіндік береді. Болашақта сот тәжірибесінде инновациялық шешімдерді енгізу, ақпараттық технологиялар мен заманауи әдістерді қолдану арқылы дау шешу процесін одан әрі жетілдіру қажет. Бұл өз кезегінде қоғамдағы құқықтық тәртіп пен әділеттілікті нығайтуға, сот жүйесінің тиімділігін арттыруға және азаматтардың құқықтық сенімін қалпына келтіруге ықпал етеді. Осылайша, Қазақстан сот тәжірибесінде дау түрлерін шешу мәселесін жан-жақты талдау барысында дәстүрлі әдістер мен жаңа балама тәсілдердің үйлесімді қолданылуының маңызы ерекше екені анықталды. Сот үдерісін жеңілдету және

азаматтардың құқықтық білімін арттыру арқылы құқықтық кепілдіктерді қамтамасыз ету, сот реформаларының маңызды бағыты болып табылады. Негізгі мақсат – қоғамдағы бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайту, сот тәжірибесін жетілдіру арқылы әділеттілікті қамтамасыз ету екені сөзсіз. Осы орайда, болашақта сот тәжірибесінде жаңа тәсілдер мен әдістерді үздіксіз дамыту қажет, себебі бұл шаралар құқықтық жүйенің жалпы сапасын жоғарылатып, азаматтардың сенімін арттыруға септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Калшабаева М.Ж., Сартаев С.А., Сулейменова С.Ж., Жетписов С.К., Турсынкулова Д.А. «Қазақстандағы дауларды шешудің дәстүрлі жолдарының қазіргі медиация институтымен сабақтастығы». ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы, 2024, Т. 109, №1, 4–14 беттер.
2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы «Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы», Астана 2024 жыл
3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты «Қазақстанның сот төрелігі: ахуалы, үрдістері, келешегі», 2020 жыл.
4. «Еңбек даулары және оларды шешу: сот және соттан тыс процедуралар» 2023 жыл.
5. «Соттардың атқарушылық жазбаға дау айту бойынша істерді қарау кезінде заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жыл.
6. «Сот медиациясы Пилоттық жобасы» 2023 жыл.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.